

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының

ЖИНАҒЫ
7 - қазан, 2022 ж.

Астана, 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ҒАСЫРДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: БАСЫМДЫҚТАР МЕН ІЗДЕНІСТЕР» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының

ЖИНАҒЫ

7 - қазан, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции «ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В XXI ВЕКЕ: ПРИОРИТЕТЫ И ПОИСКИ» посвященная памяти профессора А.А.Молдажановой
7-октября, 2022 г.

COLLECTION

Collection materials of the International scientific and practical Conference «PEDAGOGICAL EDUCATION IN THE XXI CENTURY: PRIORITIES AND SEARCHES» dedicated to the memory of professor A.A.Moldazhanova

October -7, 2022 y.

Астана, 2022

ӘӨЖ 37.0
БКК 74.00
П 82

Редакция алқасы:

Ж.Д.Курманғалиева - Басқарма мүшесі - Ғылым, коммерциаландыру және интернационалдандыру жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Б.П.Сейітқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Т.С.Сламбекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** - п.ғ.к., доцент; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Махадиева А.К** - PhD., **Балтабаева Ж.Б.** - магистр, **Қуатов А.К.** - магистр.

ISBN 978-601-337-713-1

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Профессор А.А.Молдажанова және қазақстандық білім беру жүйесінің дамуы», «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобаны жүзеге асыру - Жаңа Қазақстанды дамытудағы басым бағыт», «Білім берудің ғаламдық мәселелерін шешуде адами ресурстардың бірігуі» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -587 бет.

ӘӨЖ 37.0
БКК 74.00
П 82

ISBN 978-601-337-713-1

«Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция.

@Астана, 2022

4. А. А. Иманбаев, Э. К. Иманбаева «Рухани жаңғыру» – приоритетные задачи модернизации общественного сознания. Учебно-методическое пособие Издательство «Тараз университеті». Тараз, 2020

ӘОЖ 372

САЛАУАТТЫ ҰЛТ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАБЫСТЫ БОЛАШАҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Кертаева Ғалиябану Махметқызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы

Жапанова Риза Набиевна

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
«Bolashaq» Академиясы

Қазіргі таңда жастарды салауатты өмір салтына ынталандыру мен денсаулығын сақтау өзекті мәселе болып отыр. Дені сау ұрпақ, қоғамның қуаты сондықтан, халықтың болашағы жастардың денсаулығына байланысты.

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосылудағы алға қойған міндеттерді жүзеге асыруда халықтың денсаулығы ең маңызды мәселелердің бірі. Халықтың денсаулығы – мемлекет болашағының негізі десек, оның жақсы, қалыпты жағдайда болуы өмір сүру салтына тікелей байланысты екендігі белгілі. Мемлекеттің басты басымдығы әрқашан адам денсаулығын сақтау болып табылады. Адам денсаулығын сақтау құқығына Қазақстан Республикасы Конституциясының 29-бабы кепілдік береді [1].

Қазіргі өркениеттің негізі - дені сау және рухани дамыған адам. Егер әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер, гуманистік құндылықтар, дамыған экономика мен тұрақты демократиялық жүйені құру адамдардың толыққанды өмір сүруіне бағытталмаса, онда олардың еш пайдасы жоқ. Дені сау адамдар металлургиядағы болат және ауыл шаруашылығындағы нан сияқты мемлекеттің «өндірісінің» өнімі болуы керек. Бір жағынан, дені сау ұлт - мықты мемлекеттің белгісі. Халықтың физикалық және рухани-адамгершілік денсаулығы елдің зияткерлік әлеуетін, экономикалық мүмкіндіктері мен қорғаныс қабілетін анықтайды.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттарының бірі - жастардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету, олардың салауатты өмір салтын қалыптастыру болып табылады [2].

Бүгінгі таңда өз тәуелсіздігін алған егеменді елімізде жан-жақты дамыған, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат тұтқан тұлғаларды тәрбиелеу басты талап етіп қойылған. Еліміздің болашағы – жарқын жастар дейтін болсақ, олардың арасында салауатты өмір салтына деген дұрыс түсінік қалыптастырып, санасына, салауатты өмір салтын ұстанудың денсаулыққа аса маңызды және ұстанған адамның болашағы айқын екендігін түсіндіру ортақ міндет.

«Ұлт» термині бүкіл өркениетті әлемде ұлттың азаматтығы туралы жалпы қабылданған анықтамасын білдіреді, яғни, бұл жағдайда ұлт – ел азаматтарының бүкіл қауымдастығы десек болады. Әрбір азамат өз мемлекетінің бөлшегі болып табылады. Сондықтан дені сау, білімді және білікті азамат мемлекеттің өркениет деңгейін, оның қоғамдық институттарының мүмкіндіктерін анықтайды. Дені сау ұлт - мықты мемлекеттің белгісі. Ұлт денсаулығы - бұл әр жеке адамның денсаулығы. Жалпы саулыққа тән саулығы, жан саулығы, көкірек тазалығы, ой-өріс кеңдігі, мінез-құлық саналығы жатады.

Тибет медицинасының белгілі «чжуд-ши» трактатында сауатсыздық барлық аурулардың жалпы белсенді себебі болып келеді. Сауатсыздық «сырқат» өмір салтын, қанағатсыздықты, пессимистік күйзелісті, зиянды құмарлықтарды, ызакорлықты, адамдарға мейірімсіздікті тудырады. Адамның жансаулығы мен денсаулығын қамтитын салауатты өмір салты, яғни денсаулық салауаттылыққа тәуелді. Сондықтан ұлт салауаттылығы – қоғамдық құндылық. Салауатты өмір салты – жалпы ұлт денсаулығының негізі. Қоғамның болашағы әрбір адам денсаулығына байланысты, сондықтан салауатты өмір салтының жастар арасында қалыптасуының маңызы өте зор. Жастардың өзін жетілдіру, өзін-өзі ұйымдастыру үшін қажетті аса маңызды қасиет – ол салауаттылық.

Салауаттылық ұғымы жас ұрпаққа қазақ халқының салт-дәстүрінің, көнеден келе жатқан мәдениетінің, өнерінің, әдет-ғұрпының мәнін ашады. Салауаттылық - ішкіліктен, есірткі, темекіден аулақ болу, дене және жан тазалығын сақтау, тіпті қарапайым түрде айтсақ адамның киім киісі, тамақты қалыппен ішуі де кіретін игі іс-әрекет.

Өмір салты мен денсаулық арасындағы өзара байланыс салауатты өмір салты ұғымын құрастырады. Салауатты өмір салты– денсаулықты сақтаудың және нығайтудың негізі, ол жан-жақты дамыған азаматтың қалыптасуына, оның рухани, дене дамуына әсер етеді. Салауатты өмір салты - адам үшін аса маңызды, денсаулықпен тікелей байланысты құнды форма. Ол адам мәдениетінің бір бөлігі [3].

Жастардың салауаттылық өмірге ұмтылысы, зиянды әдеттерден қашық болуы олардың өзге адамдармен қарым-қатынасына, яғни әлеуметтік ортаға тығыз байланысты. Ұрпақты өмір заңдылықтарына, салауаттылық негіздеріне бейімдеу білім беру мекемелеріне жүктелген маңызды да жауапкершілігі мол міндет болып табылады.

Қазіргі кезде білім беру мекемелерінің алдында тұрған міндеттердің бірі – жас ұрпақтың салауатты өмір сүруге көзқарасын қалыптастыру, олардың денсаулығын сақтауға, қоршаған ортасын таза ұстауға және жоғары, сапалы білім алып, сол білімді келешектегі өмірінде пайдалана білуге тәрбиелеу.

Жастардың денсаулығына тұрмыстық жағдайлармен бірге олардың бір-бірімен қарым-қатынасы, мәдени деңгейі, қоғамдық жұмыс пен білім берудің әртүрлі салаларындағы белсенділігі, яғни өмір салтының бар саласы әсер етеді. Адамның салауатты өмір салты әр адамның өзінің санасына байланысты. Жастар санасына және салауатты өмір салтын қалыптасуына мынадай ішкі

факторлар қатысады: денінің саулығы, жұмысқа деген қабілеті, мотивациялары мен эмоциялары.

Жаңа дәуірде елімізді сақтайтын, денсаулығы зор, интеллектісі жоғары ұрпақ тәрбиелеу мемлекет саясатының басты бағыты екенін ескерсек, осының бәрі жастарымызды салауатты өмір салтына тәрбиелеуден басталады. Сондықтан, ең алдымен, жастар арасында салауатты өмір салтына деген сауатты түсінік қалыптастыру өте мәнді мәселе. Жастардың санасына, салауатты өмір салтын ұстанудың денсаулыққа аса маңызды және ұстанған адамның болашағы айқын екенін түсіндіріп, соған сәйкесті тәлім-тәрбие беру заман талабы.

Салауатты өмір салтын насихаттауда, салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін, осы саладағы басымдылықтарды анықтайтын ғылым, өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді ұстанатын білім қажет.

Бастауыш білім беру бағдарламасы бойынша салауатты өмір салты түсінігіне айқын жасалған күн тәртібінің болуы, дұрыс тамақтану, дұрыс тынығу, дене еңбегімен шұғылдануы, таза ауада болып, күн көзінде серуендеу, табиғат аясында болуы, зиянды әдеттерден сақтану, дұрыс қозғалыста болуы жатады [4].

Салауатты өмір салтын қалыптастырудың мазмұны мен ұйымдастыру формалары мынаны көздейді:

- жастардың өз денсаулығына деген жауапкершіліктерін арттыру;
- табиғи сезімталдыққа сәйкес, оқушылардың жас ерекшелігін ескеру;
- тек тексерілген ғылыми дәлелденген деректерге ғана сүйену;
- экологияландыру, яғни адам организміне қоршаған орта факторларының әсерін білу;
- ұлттық аймақтық ерекшеліктерді ескеру, салауатты өмір салты туралы ұлттық салт-дәстүрлерімен танысып оны ұстана білу;
- үздіксіз оқыту, салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастырып үнемі пайдалану;
- әлеуметтендіру, салауатты өмір салтын ұстанған қоғам мүшесін қалыптастыру.

Салауатты өмір сүруін өз деңгейіне жеткізу барысындағы белгілі шараларды іске асыру үшін адамның жеке басына мынадай міндеттер жүктеледі:

- адам ағзасының дұрыс жұмыс істеуі үшін дене құрылысының биологиялық, физиологиялық, анатомиялық құрылымымен таныс болу;
- ағзаның қай мүшесінде кемістік пайда болса, оны табиғи заттардың әсерімен қалпына келтіру;
- адам ағзасының өз деңгейінде дұрыс жұмыс істеуі үшін (әрине, өмірдің әр кезеңінде) оған саналы түрде жағдай жасау;
- жеке бас гигиенасы;
- дұрыс тамақтану жүйесі;

- экологияның бұзылуына байланысты күнделікті тіршілікте сауықтыру жүйесін өз бетінше саналы түрде шығармашылық жүйемен үйлестіру;
- жас ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаның күш-қуатын пайдаланудың міндеттерін білу;
- дененің жан-жақты үйлесімді дамуы;
- дене шынықтыру - сауықтыру ісін меңгеру процесінде жеке бастың айқындалуы;
- серуендеу және саяхат жасау жүйесінен хабардар болу [5].

Денсаулықтың алты негізгі аспектісі бар: физикалық, психикалық және интеллектуалдық, жеке тұлғалық, рухани, эмоционалды, әлеуметтік.

Денсаулықтың физикалық аспектісіне дененің қозғалысты жұмыс істеу, соматикалық ауруларының жоқтығы жатады. Соған сәйкес жаттықтыру, қатайту туралы ұғымдарды қамтиды.

Денсаулықтың психикалық және интеллектуалдық аспектісіне психикалық аурудың болмауы жатады. Психикалық денсаулықты, адамның жаңа білімді қалай үйренуге және қолдануға болатындығын сипаттайды.

Денсаулықтың эмоционалды аспектісі дегеніміз - адамның сезімдерімен мен өмірлік тәжірибені түсіну және бақылау, қажет болған жағдайда өз сезімдерің түсінікті түрде жеткізе білу, эмоциялардың жанға жәйлі және жәйсіз көріністерін білу.

Денсаулықтың әлеуметтік аспектісі - бұл ең алдымен өзін қоғамның бөлшегі ретінде сезіну, қоғамдағы және қоғамдық қызметтегі жетістігін түсіну. Бұған адамдармен қарым-қатынас жасау мүмкіндігі жатады. Бұл аспектіде өндірістік қатынастар, кәсіби қасиеттер маңызды рөл атқарады. Материалдық жағы да өте маңызды.

Денсаулықтың рухани аспектісі - адамның өмір сүру орталығы, бұл оның моральдық көзқарастары, мінез-құлық этикасы және басқа адамдардың іс-әрекеттерін қабылдау, мейірімділік пен сұлулықты қабылдау эстетикасы.

Денсаулықтың жеке тұлғалық аспектісі - бұл адам өзін-өзі адам ретінде сезінуі, талпынысы, өзін көрсетуі, жетістігі, негізгі құндылықтары. Біреулер жұмысынан, біреулер - өнерден, үшіншілері - отбасынан, төртіншілер - жеке басынан жетістік іздейді. Өзін-өзі таныту неғұрлым қоғамға қарсы келмесе, соғұрлым ол адамның өзіне пайдалы, осыдан барып нақты адамның жеке денсаулығы сипатталады [6].

Жастардың салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру бұл: жеке тұлғаның өзін қоршаған жансыз және жанды табиғи ортамен жан-жақты үйлесім тауып, өз ғұмырын Отаны, елі, отбасы және өзі үшін барынша пайдалы өткізу дағдысын қалыптастыру. Денсаулықтың үйлесімді дамып, нығайуын, сақталуын қамтамасыз ету мақсатына бағытталған іс-шараларды іске асыру.

Еліміздің болашағы әрбір адам денсаулығына байланысты. Сондықтан, білім беру мекемелерінде денсаулықты сақтау мен қалыптастырудың басты мақсаты: тұлғаның психологиялық, дене-қимыл әрекеттерінің мүмкіндіктері мен жас ерекшеліктерін ескеріп, гигиеналық ұғымдарды, салауатты өмір салтының негіздерін, жеке бас тазалығын түсіндіру болып табылады.

Салауатты өмір салты нормаларын ұстану - әр адамда жеке және қоғамдық құндылықты көрсететін өзінің денсаулығын сақтауға жауапты қарым-қатынасқа тәрбиелеуге ықпал етуі қажет.

Салауатты өмір салты - бұл аурудың алдын-алу және өз денсаулығын нығайту міндеті бар адамның өмір салты. Ұлт денсаулығын жақсарту үшін күрделі және адамның психикалық және физикалық жағдайын нығайту жұмыстары қажет. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйелері туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 74-бабында халықтың медициналық-әлеуметтік белсенділігін және салауатты өмір салтын ұстануды қалыптастыру арқылы денсаулықты нығайту қоғамдық денсаулықты қорғаудың басым бағыттары болып табылады.

Ұстаздардың басты міндеті - баланың бойында салауатты өмір салты мәдениетін, өз денсаулығына құндылық ретінде қарауды қалыптастыру, өз денсаулығын басқару дағдыларына, саламатты өмір салтын жүргізу қажеттігіне, алғашқы медициналық көмек көрсету дағдыларына және әртүрлі өмірлік жағдайларда қауіпсіз мінез-құлыққа, тұлғааралық қарым-қатынас мәдениетіне үйрету. Егер оқушыларды ерте жастан бастап өз денсаулығын сақтауға, нығайтуға үйретсе және салауатты өмір салтын жеке үлгі ретінде көрсетсе, онда болашақ ұрпақ тек жеке, зияткерлік, рухани ғана емес, сонымен бірге физикалық жағынан да сау және жан-жақты дамыған азамат болып өсетіндеріне сенімдіміз.

Өркениетті дамыған қоғамды тек - дені сау адам ғана құра алады деп айтар болсақ, жастарымыздың денсаулығы мықты, рухани дүниесі бай, жаны мен тәні таза, танымдық белсенділігі мен шығармашылық қабілеті ерекше, адамгершілігі мен имандылық қасиеті үйлескен тұлғаларды тәрбиелеу қажеттігі күмән тудырмайды. Егеменді Қазақстан Республикасының алдында тұрған міндеттер жас буындардың интеллектуалды әлеуетіне, дене және психикалық денсаулығына, әдептілігі мен сыпайылығына ерекше қамқорлық ету жөнінде ойландырады. Бұл тұрғыда тәлім-тәрбие үдерісінің басты міндеті – білім сапасын халықаралық дәрежеге жеткізу; оқушылардың денсаулығы мен жан саулығын сақтап, нығайту; табиғатына сай интеллектуалды дамыту. Осының бәрін қамтитын тәлім-тәрбие үдерісін ұлттық негізде құрып іске асыру - ұстаздық қызметтің ең ұлы жүктемесі, ең маңызды ісі, ең киелі парызы.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001>
2. ҚР Мемлекеттік жастар саясаты туралы заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000285>
3. Турдалиева Б.С., Айымбетова Г.Е., Абдуқаюмова У.А. Қазақстан Республикасындағы балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы: Мәселелері мен шешу жолдары. – 2012. – 54 б.
4. Бастауыш білім беру деңгейіндегі пәндер бойынша оқу бағдарламалары 1-4 сыныптар. ИПС "Әділет" (zan.kz)

5. Базарбаева С.М., Нүсіпова А.Ж., Батжанова С.М. Білім беру жүйесінде салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері. Жаратылыстану ғылымдары саласындағы зерттеулер. – 2012. – 75-77 б.

6. Неменко Б.А. Оспанова Г.К. Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы. Оқулық. – Алматы, 2002. – 344 б.

ОӘЖ 371.04

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЕРДІҢ КӘСІБИ САПАЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Кертаева Калиябану Махметовна

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Кундузкаирова Айнаш Куандыковна

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Педагогика және психология» мамандығының 3 курс докторанты,

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында (2007) [1] болашақ мамандардың ақпараттық-компьютерлік сауаттылығын жетілдіру, Қазақстан Республикасының барлық деңгейдегі мемлекеттік жалпыға білім беру стандартында [2], Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында [3] бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыру қарастырылады. Сонымен қатар, аталмыш ақпараттық қоғам талабына сай болу, ақпараттық технологиялардың барлық мүмкіндігін әлеуметтік, экономикалық және тағы басқа салаларда оңтайлы пайдалану мақсатында елімізде «Ақпараттық Қазақстан – 2020» Мемлекеттік бағдарламалары жүзеге асырылып, «Цифрлы Қазақстан» [4] жобасында көрініс тапқан. Республиканың көптеген жетекші жоғары оқу орындары қашықтықтан оқытуды дамытуға үлкен көңіл бөлуде. Мұндай оқыту айтарлықтай тартымды және жыл сайын білім беру жүйесінде маңызды орын алады. Сонымен қатар, ол үздіксіз кәсіптік білім беру, біліктілікті арттыру және қайта даярлау жүйесінде кеңінен қолданылады, бұл мұғалімге де, оның кәсіби дайындығы мен кәсіби қасиеттерінің дамуына да, білімалушыға да белгілі бір талаптар қояды.

Қазіргі кезде қазақстандық білім беруде ақпараттың жылдам даму қарқыны оқу процесінде ақпараттық технологияны қолданудың алғы шарттары жасалып, қашықтан оқытудың дамуына ықпал етеді. Қашықтықтан оқыту ақпараттық-білім беру кеңістігін қалыптастырады және оқытудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Қашықтықтан оқытудың сапасын қамтамасыз етуде педагог-психологтің дайындығы ерекше рөл атқарады, өйткені білім алушылардың білімі мен тәрбиесі соған байланысты. Қашықтықтан оқытудың дамуына байланысты педагог-психологтерді ақпараттық білім беру ортасында өзін-өзі жүзеге асыру, олардың дайындығын арттыру жолдарын іздестіру қажеттілігі туындап отыр.